

Мамандандырылған мектеп оқушыларына арналған математика, физика және информатика пәндері бойынша халықаралық Жәутіков олимпиадасы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Мамандандырылған мектеп оқушыларына арналған физика, математика және информатика пәндері бойынша халықаралық Жәутіков олимпиадасы (бұдан әрі – Олимпиада) жыл сайын қаңтардың екінші онкүндігінде Қазақстан Республикасының Алматы қаласындағы «Республикалық физика-математика мектебі» (бұдан әрі – «РФММ») коммерциялық емес акционерлік қоғамының базасында өткізіледі.

2. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері келесі болып табылады: дарынды оқушыларды анықтаудың оңтайлы жағдайларын жасау, олардың одан әрі зияткерлік дамуына және кәсіби бағдарлануына, оқушылар арасында физика-математика және IT ғылымдарының тарауына ықпал ету және насихаттау, әр түрлі елдердің физика-математикалық мектептерімен халықаралық ынтымақтастықты дамыту

2. Олимпиадаға қатысушылар

3. Олимпиадаға Қазақстанның және шет елдердің мамандандырылған физика-математикалық лицейлері мен гимназияларды және басқа да мектептер арасынан мектеп командалары шақырылады. Олимпиадаға бір елден бірнеше мектеп қатыса алады.

4. Әр команданың құрамына келесі 7 қатысушы кіруі қажет: математикадан 3 қатысушы, физикадан 2 қатысушы, информатикадан 2 қатысушы және олимпиаданың ресми үш тілінің: қазақ, орыс немесе ағылшын тілінің бірін игерген 1 немесе 2 жетекші (физик, математик, информатик).

5. Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша оқушылардың Республикалық олимпиадасының нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасынан Олимпиадаға қатысу үшін жиырма бір команда анықталады. Командалардың тізімін Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті «Дарын» РҒПО келісімімен бекітеді.

Олимпиадаға Алматы қаласынан (екі мектеп және бір құрама) және Алматы «РФММ» үш командадан, Нұр-Сұлтан «РФММ» бір команда қатысады.

Олимпиадаға бір елден бірнеше мектеп командасы қатыса алады. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті бір елдің немесе қаланың атынан қатысатын мектеп командаларының санын шектеу құқығын өзіне қалдырады.

3. Олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізу тәртібі

6. Олимпиада әрбір пән бойынша екі турдан өткізіледі.

Математика мен информатикадан I және II турларда қатысушылар есептер шығарады (теориялық турлар).

Физикадан I турда қатысушылар есептер шығарады (теориялық тур).

Физикадан II турда қатысушылар тәжірибе орындайды (тәжірибелік тур).

7. Әрбір турдың ұзақтығы: математикадан (4 сағат 30 минут), физикадан (теориялық тур – 4 сағат 30 минут және тәжірибелік тур – 3 сағат), информатикадан (5 сағат) құрайды.

8. Жұмыстар Олимпиаданың ресми үш тілінің (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің) бірінде орындалады.

9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) бұйрығы негізінде Олимпиаданы дайындау және өткізу бойынша ұйымдастырушылық жұмысты үйлестіру және жүзеге асыру үшін ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітіледі.

10. Олимпиаданың төрағасы мен қазылар алқасының құрамы ұйымдастыру комитетінің ұсынысы бойынша Министрлікпен бекітіледі. Қазылар алқасының құрамына отандық және шетелдік жоғарғы оқу орындарының оқытушылары, магистранттары, жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша өткен республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары болған студенттер енгізілуі мүмкін.

11. Олимпиаданың қазылар алқасы:

1) Олимпиаданың теориялық және тәжірибелік тапсырмалары мәтінінің соңғы нұсқасын ресми тілдерде әзірлейді және құрастырады;

2) ұсынылатын тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейі үшін және олардың құпиялығы үшін жауап береді;

3) тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдерін бекітеді, жұмыстарды тексереді және бағалайды, қатысушыларды жұмыстарды тексерудің нәтижелерімен таныстырады;

4) жеңімпаздарды анықтайды және жүлделі орындарды беру үшін ұйымдастыру комитетіне ұсыныстар енгізеді.

12. Жұмыстарды бағалауда барынша әділдікті қамтамасыз ету үшін екі турдан соң жұмыстарды үйлестіру жүргізіледі. Үйлестірудің мақсаты – жұмыстарды бағалауда олимпиадаға қатысушылар мен қазылар алқасының мүшелері арасында толық өзара түсіністікке қол жеткізу.

13. Жұмыстарды үйлестіруді қазылар алқасының мүшелері командалардың жетекшілерімен Олимпиаданың ресми үш тілінің бірінде өткізеді.

14. Олимпиаданың қорытындылары әрбір пән бойынша жеке есепте шығарылады. Жеңімпаздар екі турда жинаған ұпайлардың сомасы бойынша анықталады. Олимпиаданың қорытындысы бойынша әр команданың рейтингі анықталады.

15. Қатысушылар мен жетекшілердің екі жаққа жүретін жолақысы жіберуші тараптың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Қорытынды ереже

16. Олимпиадада жеңімпаздардың саны жалпы қатысушылар санының 50 пайызын құрайды.

Олимпиада жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

I, II және III дәрежелі дипломдардың саны келесі пропорциядан шыға отырып анықталады: жеңімпаздар санының 50%-ы III дәрежелі дипломдармен, 30%-ы II дәрежелі дипломдармен, 20%-ы I дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Рейтингке сәйкес (осы Ереженің 14 тармағы) командаларға үш III орын, екі II орын, бір I орын және бір Гран-при беріледі. Команданың жеті ресми қатысушыларының әрқайсысы құны 10 АЕК, 20 АЕК, 40 АЕК және 70 АЕК (АЕК – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш) сәйкес келетін бағалы сыйлықпен марапатталады.

17. Егер бірнеше қатысушы жүлделі орындарды анықтау үшін қажетті төмен деңгейге сәйкес келетін бірдей ұпай санын жинаған жағдайда, жүлдегерлер саны қазылар алқасының шешімімен көбейеді.

18. Ұсынылған тапсырмалардың (осы Ереженің 11 тармағының 2 тармақшасы) жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейін, тапсырмаларды құру шараларының айқындығын қамтамасыз ету үшін халықаралық қазылар алқасы шақырылады, оның құрамына халықаралық алаңда өзін жағымды көрсете білген шетелдік мамандар: кемінде үш математик, екі физик, бір информатик кіреді. Олардың іс-сапар шығыстарын (ұшу, тұру, тамақтану) қаржыландыру қабылдаушы тараптың есебінен жүзеге асырылады.

19. Олимпиада ең бастысы тапсырмаларымен бағалы болғандықтан, олар бұрын ешқайда кездеспеуі тиіс, халықаралық олимпиадалардың жоғары мәртебесіне сәйкес келуі қажет, авторлары лайықты қаламақымен ынталандырылады: математика пәні бойынша 6 тапсырманың әрқайсысы үшін кемінде 200 АЕК, физика пәні бойынша 5 тапсырманың әрқайсысы үшін кемінде 200 АЕК және информатика пәні бойынша 8 тапсырманың әрқайсысы үшін кемінде 100 АЕК. Тапсырмалар авторларының қаламақысын төлеу қабылдаушы тараптың есебінен жүзеге асырылады.